

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің докторанты Жақұлаев Адил Муратовичтің 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс» диссертациялық жұмысына

ШКІР

Тақырыптың өзектілігі. Қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпты түрлі жанрлар аясында зерттеу ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қолға алына бастады. Алайда тарихи уақыт, тарихи тұлға, тарихи таным мәселесі басшылыққа алынған бұл кезеңде әдебиеттанудағы тарихи дискурстың ғылыми-әдістемелік негізі жасала қоймады. Аталған диссертациялық жұмыстың өзектілігі тарихи, көркем дискурстың, оның ішіндегі суб-дискурстардың теориялық сипатын айқындаудан, оны меңгертудің инновациялық жолдарын қарастырып, әдістемесін ұсынудан көрінеді. Мұндай зерттеулер, зерттеушінің өзі атап көрсеткендей, «...көркем шығармалардың тарихи дискурсты туындатуы туралы жаңа байламдар жасап, постколониалды елдегі тарихи сана деңгейін болжау үшін де маңызды».

Зерттеу жұмысының «Әдебиеттану ғылымындағы дискурс теориясының негіздері» атты бірінші тарауында дискурс категориясы әдебиеттану, лингвистика, психология, философия, әлеуметтану, мәдениеттану аспектісінде қарастырылып, ғылыми негізі анықталады. Дискурс пен мәтін арасындағы айырмашылық пен ұқсастықтарға, дискурстық талдау мен түсіндіруге қатысты ғылыми көзқарас, пікірлер басшылыққа алына отырып, салыстыру кестесі түрінде дәлелді тұжырым ұсынылады. Көркем дискурстың өз ішінен туындайтын поэтикалық дискурс, авторлық дискурс, нарраторлық дискурс, оқырмандық дискурс, кейіпкер дискурстарының нақты параметрлері көрсетіледі.

«Қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурс» деп аталатын екінші тарау қазақ әдебиетіндегі тәуелсіздік жылдарынан бергі кезеңде жазылған тарихи прозаның дискурсивті кеңістігін зерттеуге бағытталған. Ізденушінің «тарихи дискурстың әдебиеттегі генезисі ежелгі дәуірлердегі халықтық проза үлгілерінен, фольклорлық жанрларынан бастау алады» (189 бетте) деген пікірімен келісе отырып, тарихи дискурсты халық танымымен бірлікте қарастыруын құптаймыз. Тәуелсіздік кезеңінде жазылған тарихи оқиғаларға негізделген романдардың іріктеліп (бәрін қамту мүмкін емес), тақырыптық тұрғыдан жіктеліп, арнайы кесте түрінде берілуі (65 бетте) – төл әдебиетіміздегі тарихи дискурстың зерттелуін жүйелеуге көмектеседі деп ойлаймыз. Талдаудың жүйелі болуы қамтамасыз ететін мұндай кестелер Д. Рамазан, М. Мағауин шығармаларын, түркі әдебиетіндегі Шыңғыс хан бейнесін, т.б. талдау барысында диссертацияның басқа бөлімдерінде де кездеседі.

Диссертациялық жұмыстың жаңалығы.

Ә.Жақұлаевтің диссертациялық жұмысының жаңашылдығы дискурсты белгілі бір ғылымы аясында ғана қарастырып, шектемей, көркем туындының бір емес, бірнеше интердискурстардан тұратынын, дискурстың кратологиялық белгілерге ие болатынын нақтылап беруінен де көрінеді. Аталған диссертациялық жұмысында ізденуші бірнеше ғылыми негізді ұсынысты алға шығарған. Сондай ұсыныстың бірі - көркем дискурсты «әдеби-көркем дискурс» немесе «әдеби дискурс» деп атау. Диссертант мұндай атаудың көркем дискурс аясын тарылтпай, керісінше, зерттеудегі нақтылыққа әкелетінін айтады. Сондай - ақ, ізденушінің «реавтореминисценция» (жазушының жазып отырған шығармасының өзіне сілтеме жасауы) ұғымын қорғауға ұсынылатын тұжырымдар қатарына қосуын да негізді деп ойлаймыз.

Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурсты тек әдебиеттану аясында емес, пәнаралық негізде зерделеуді мақсат еткен бұл жұмыста тарихи дискурстағы нарратив, аллюзия және реминисценция категориялары да музыка, кино, психология ғылымдарымен сабақтастықта қарастырылады. Мұндай талпыныстар М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы», Р.Отарбаевтың «Бас» романдарына қатысты талдаулардан көрінеді.

Зерттеудің жұмыстың маңызды бір бөлімін эксперименттер құрайды. Аталған бөлімдегі ізденушінің интертекст жасаудың бір формасы саналатын - прецедентті феномендерді білімгерлердің қаншалықты меңгергенін анықтау мақсатында жасаған эксперименттік зерттеуі назарымызды аударды (149 бет). Ұлттық және универсалды прецедентті феномендерді студенттердің қабылдау деңгейін экспериментке дейін, эксперименттен кейін деп бөлек қарастырып, оларға Jamovi арқылы статистикалық анализ жасалуы жұмыстың әдістемелік бөлімінің маңызын арттыра түскен.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығымен қоса өзіміз байқаған кейбір ұтымды әрі назар аудартар әдістемелік мәселені де атап өткіміз келеді. «Қазақ әдебиетіндегі тарихи дискурсты оқыту және эксперимент нәтижелері» бөлімінде көркем шығармадағы тарихи тұлғаның оқырманға әсерін анықтауға арналған эксперимент жүргізілген. Зерттеуге сәйкес Д.Рамазанның «Ажал келген күн» шығармасы негізінде тарихи тұлғаларға қатысты үш сұрақ қойылып, сапалық контент-анализ тұрғысынан интерпретация жасалынады. Эксперимент нәтижесінде ізденуші «...біздің ойымызша, кейінгі жылдары постколониалды қазақстандық қоғамдағы оқырманның көркем шығарманы қабылдау деңгейінің төмендігі байқалады. Бұны біздің зерттеудің нәтижелері айғақтай алады. нәтижесі оқырманның шығарманы қабылдаудағы білім аясының төмендеп кеткенін байқатады», деген тұжырымға келеді. Бұл тұжырыммен ішінара келіскенімізбен, біздің көкейімізде «Мұндай маңызды тұжырым жасау үшін 3 сұрақ аздық етпей ме?» деген сауалдың тұрғанын айта кеткеніміз келеді.

Жоғарыда атап өткен әдістемелік тұрғыдан ұтымды жұмыстардың бірі - ізденуші - оқытушының автор туындысының күшті және әлсіз жақтарын студенттерге саралатуда SWOT талдауды пайдалануы. SWOT анализ арқылы М.Мағауиннің «Қыпшақ аруы» хикаятын жұмыста көрсетілген үлгіде талдау

(167 бет) – студенттердің сыни ойлауын ғана емес, теориялық дайындығын байқататын тиімді шешім деп бағалаймыз.

Қорыта айтқанда, 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі қазақ прозасындағы тарихи дискурс» атты диссертациялық жұмыс 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша Жақулаев Адил Муратовичке философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты жазылған зерттеу еңбек деп есептеймін.

Пікір білдіруші, филология ғылымдарының кандидаты.,
SDU университетінің профессоры *Б. Д. Керімбекова* Б. Д. Керімбекова



Қолтаңбасын растаймын
Күні <u>30</u> а <u>05</u> 20 <u>24</u> ж.
Қолы <i>Б. Д. Керімбекова</i>
Қорғ. маманы <i>Ш. Рахметов</i>
АБТ қызметі